

№ 11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы



Келісемін:

Балабақша әдіскері

А.Шуиншалиева *Шуиншалиева*

«Жас зерттеушілер»

(Вариативтік компонент)

№ 2 «Ақбота»
мектепалды даярлық тобы

Топ тәрбиешілері: Аблаева. В

Амантайқызы. Ф

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР

вариативтік компонент

Түсіндірме жазба

Бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленді.

Бағдарламаның бағыты: баланың қоршаған әлемді тану белсенділігін дамыту.

Өзектілігі:

- балалар эксперименті дамытушы әлеуетке ие. Оның басты ерекшелігі балаларға зерттелетін объектінің түрлері туралы, басқа объектілермен және тіршілік ету ортасымен байланысы туралы нақты түсінік береді;
- эксперимент жүргізу арқылы балалардың креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттері қалыптасады;
- эксперимент арқылы бала іс жүзінде табиғи құбылыстардың пайда болуын және әртүрлі заттар мен нысандардың қасиеттері туралы жаңа білім алады, сұрақтарына жауаптар іздейді, мақсат қойып, оларға қол жеткізеді.

Бағдарламаның мақсаты: тәжірибелік-эксперименттік әрекет арқылы балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Міндеттері:

- балаларды қоршаған орта объектілерімен таныстыру және қарапайым тәжірибе жасауға, өз әрекетінің нәтижесін көре білуге үйрету;
- талдауға, салыстыруға, негізгі болжамдарды ұсынуға, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға және қорытынды жасай білуге үйрету;
- командамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- ата-аналарды бірлескен әрекетке тарту, балаларды ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Бағдарламаның ерекшеліктері:

- Бағдарлама білім беру және дамытушы сипатқа ие, білім мен дағдылардың жүйелілігін қамтиды және белгілі бір даму деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді;
- балалардың таным белсенділігін арттыратын қызықты тақырыптар таңдалынды;
- эксперимент жүргізуде балалардың қызығушылықтары, тілектері, ата-аналардың сұраныстары ескерілді.

Бағдарламаны іске асыруға қатысушылар 5 жастағы балалар.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі: Бағдарлама бір оқу жылына есептелген, қыркүйек- мамыр айларында жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру нысандары мен вариативтік компонентті өткізу тәртібі: күннің екінші жартысында, аптасына бір рет, 36 сағатты құрайды, ұзақтығы 20-25 минут.

Күтілетін нәтиже:

- қоршаған орта объектілерімен танысады;
- қарапайым тәжірибе жасауға үйренеді;
- жаңалықты зерттеуге қызығушылығы, белсенділігі, байқағыштығы артады;
- өз әрекетінің нәтижесін байқайды;
- талдайды, салыстырады, негізгі болжамдарды ұсынады, себеп-салдарлық байланыстарды орната біледі, қорытынды жасайды;
- командамен жұмыс жасай алады;
- қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

Тақырыптық жоспар үлгісі

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты
1	«Жас зерттеушілер» эксперимент орталығына саяхат	1	Балаларды эксперимент орталығымен таныстыру
2	Таңғажайып әйнек	1	Балаларды тәжірибе жасау құралдарымен таныстыру
3	Қант және тұз	1	Қант пен тұздың қасиеттерін ажыратуға үйрету
4	Сабын көпіршіктері	1	Тәжірибелік-зерттеушілік қызметке қызығушылықты дамыту
5	Сабынды балауыз шамға қалай айналдыруға болады?	1	Сабынды басқа да зат жасауға қолдануға болатындығы туралы білімдерін кеңейту
6	Судың қасиеті	1	Судың қасиетімен таныстыру
7	Судың қасиеті	1	Судың қасиетімен таныстыруды жалғастыру
8	Суда еритін және ерімейтін заттар	1	Судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту
9	Судың тығыздығы	1	Заттардың тығыздығы туралы түсінік қалыптастыру
10	Тамшылар саяхаты	1	Табиғаттағы су айналымымен таныстыру
11	Ауа	1	Ауаның маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту
12	Шардың өздігінен үрленуі	1	Балалардың танымдық белсенділігін, білуге құштарлығын дамыту
13	Жел неге соғады?	1	Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту

14	Кемелер неге батпайды?	1	Зағтардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру
15	Ағаш туралы не білеміз?	1	Ағаштың қасиеті туралы білімдерін жетілдіру
16	Қағаз әлемі	1	Қағаздың түрлерімен, қасиетімен таныстыру
17	Балауыз шам қаншалықты ұзақ жанады?	1	Балауыз шам туралы түсінік беру
18	Ақ жұлдызшалар	1	Қардың қасиеті туралы түсініктерін жетілдіру
19	Қар және мұз	1	Қар мен мұздың қасиеттері туралы түсініктерін жетілдіру
20	Қозғалыс тудыратын күштер	1	"Қозғалыс", "күш" ұғымдарымен таныстыру
21	Тығыздығы жоғары сұйықтықтар	1	Сұйық зағтардың тығыздығын зерттеу
22	Заряд өткізгіштер	1	Танымдық белсенділігін, сыни ойлауын, қызығушылығын дамыту
23	Әйнек және оның қасиеті	1	Танымдық белсенділігін, сыни ойлауын, қызығушылығын дамыту
24	Магнит	1	Магниттердің қасиеттерімен танысу процесінде балалардың танымдық белсенділігін дамыту
25	Тартады – тартпайды	1	Магниттің қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру
26	Қай магнит күштірек?	1	Магниттің күшін салыстыру әдісімен таныстыру
27	Жанартау	1	Табиғи құбылыс жанартаудың қалай пайда болатындығы туралы түсінік беру
28	Тас	1	Өлі табиғат объектілері туралы түсініктерін кеңейту
29	Күн сәулесі	1	Табиғи жарық көзімен таныстыруды

			жалғастыру
30	Жарық және көлеңке	1	Жарық пен көлеңкенің пайда болуы туралы білімдерін кеңейту
31	Күн мен түннің алмасуы	1	Күн мен түннің алмасуы туралы түсінік беру
32	Өсімдіктің суды сіңіруі	1	Өсімдіктердің суды сіңіру процесімен таныстыру
33	Өсімдік жапырақтарында ылғалдың болуы	1	Өсімдіктер жапырақтарында ылғалдың болуын анықтауға үйрету
34	Кемпіркосақ	1	Балаларды кемпіркосақтың атмосфералық құбылысымен таныстыру
35	Топырақтың құрамында не бар?	1	Топырақтың құрамымен таныстыру
36	Құм	1	Құмның қасиетімен таныстыру